

Сондай-ақ, балалар сегіз мыңға жуық жұлдызды, орбиталар бойынша барлық планеталардың қозғалысы бар Күн жүйесін, сондай-ақ метеориттердің ұшуын және шоқжұлдыздардың контурларын көруге мүмкіндік алды. Табиғи құбылыстарды бақылау өте қызықты болды.



Саяхат барысында оқушылар ғарыштың алуан түрлілігі туралы түсініктерін кеңейтіп, планеталармен және олардың күннен тәртіп бойынша орналасуымен(анимация), шоқ жұлдыздармен, ғарыштың қызықты фактілері мен оқиғалары, адамның игеруі туралы танысты. Мұнда әр оқушы өзін жақсы сезініп, жарқын және ұмытылмас әсер алды. Саяхаттан кейін оқушылар эмоционалды түрде көтеріліп, бір-бірімен алған әсерлерімен бөлісті. Оқушылар өздерін ғарыш кеңістігінің жаулап алушылары сияқты сезінді, жаңа білім және ғарыштық саяхаттың сиқырлы тәжірибесін алды. Планетарий бағдарламасы өте танымды және есте қаларлық болды.

Қалалық білім бөлімінен тегін жаңа 13 дана оқулықтар берілді.

ҰОС Жеңістің 77 жылдығына орай, «Ұрпаққа ұран болған – Ұлы Жеңіс» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда газет-журналдардан алынған ҰОС батырларының, ата-бабаларымыздың қан майданда күрескендігі, ерлігі туралы суреттері, өмірбаяндары көрсетілген.

2022 жылдың 26 мамыр күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жазғы мектеп» кезінде оқушылар кітапхана қорынан жаңадан келген көркем әдебиет кітаптарымен таныстырылды.

Мақсаты: жаңа көркем әдебиеттермен таныстыру, салалық әдебиеттерге деген оқушының қызығушылығын арттыру.